



БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТҮСУШІ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

АТА-АНАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

МОТИВАЦИЯЛЫҚ
КҮНДЕР

ЖЕКСЕНБІЛІК
КЛУБ

ДӘРІСТЕРГЕ
ҚАТЫСУ

ЖАЗҒЫ
ПИКНИК

КАМПУС БОЙЫНША
ЭКСКУРСИЯ

КИМЭП ЗИЯТКЕРЛІК ОЛИМПИАДАСЫ

онлайн регистрация: <https://kimep.kz/prospective-students/kz/events/>

КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІ – әлемдік деңгейдегі білім СІЗДІҢ МАНСАБЫҢЫЗДАҒЫ № 1


МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТАЦИЯ


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі КИМЭП Университетіне білімдік қызметтерді көрсетуге лицензия берді.


КИМЭП Университеті – келесі жетекші халықаралық аккредиттеу агенттіктерінен аккредитация алған Орталық Азиядағы алғашқы университет:

 **FIBAA** (Бизнес-әкімшілік бойынша халықаралық бағдарламаларды аккредиттеу қоры, Германия): барлық бағдарламаларының аккредитациясы

 **БСҚА** (Білім беру сапасын қамтамасыз етудегі қазақстандық тәуелсіз агенттігі) > институционалдық аккредитация

 **ACA** (Америка коммуникация ассоциациясы) > журналистика саласындағы бакалавриат және магистратура бағдарламаларын аккредиттеу

 **AFBE** (Азиялық бизнес-білім форумы, Австралия) > бакалавриат, іскер әкімшілдік магистратурасы және басқарушы кадрларға арналған іскер әкімшілдік бағдарламаларының 3-деңгейін (ең жоғары халықаралық) аккредиттеу

 **ЕАРАА** (Мемлекеттік басқару бойынша еуропалық аккредиттеу ассоциациясы) > нарықта көшбасшы болып келе жатқан мемлекеттік басқару бакалавриат және магистратура бағдарламасын аккредиттеу

КИМЭП лицензиясы және аккредитациясы туралы толық ақпаратты біздің сайтымыздан таба аласыздар

<https://kimep.kz/about/kz/kimep-rankings-accreditation/>



12 000

-НАН АСА

түлектер Қазақстанның игілігі үшін қызмет атқарады, олардың көпшілігі мемлекеттік органдарда және бизнесте жетекші лауазымдарды атқарып отыр



Әлібек Наурузбаев, BA бағдарламасының 2004 жылғы түлегі, MA бағдарламасының 2006 жылғы түлегі,

DueDiligence саласындағы сарапшы, Сертификатталған бухгалтер және аудитор (CIA, CMA, ACCA, CIMA), Пауэрлифтинг бойынша спорт шебері WRP (WPC, IPF) КИМЭП Университетінің PhD бағдарламасының докторанты, 2002 ж NazarbayevFund шәкіртақысын алушы 2002, USAID 2004 ж., Бэнг атындағы бизнес факультеті, 2017 ж.

Маған ЖОО-ны таңдау және оған түсу жолынан қайтадан өту мүмкіндігі берілетен болса, мен тағы да КИМЭП Университетін таңдар едім. Өткен уақытты еске алғанда менің өкінетін жағдайларым жоқ; қазірдің өзінде өмір сүріп, мен болашаққа батыл сеніммен қараймын, ал КИМЭП Университеті - күрделі заманға қарамастан білім беру қызметтер нарығында лайықты бәсекелесіп, еліміз үшін жоғары сапалы кадрлар даярлауды жалғастыратын, аймағымыздың ең жақсы ЖОО-лардың біреуі деген ойымнан таймаймын. КИМЭП Университеті - жай жұмысқа орналасу мақсатына жету үшін құрал ғана емес, ол жылы, жайлы ахуалы, берік білім беру іргетасы, және әлеуетті серіктестер, болашақ әріптестер және достар әлеуметтік желісі бар нағыз үйіміз.

Достар, барлығымыз бірігіп күш салсақ, біз әлемді жақсарта аламыз. Батыл талпыныс жасандар, ал КИМЭП осыған қажет көмек болады.



Салтанат Керімбаева, BSS бағдарламасының 2008 жылғы түлегі

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі «Болашақ» бағдарламасының шәкірті, Оңтүстік Калифорния Университеті, АҚШ КИМЭП Университеті түлектерінің Астанадағы қауымдастығының негізін қалаушы

КИМЭП – жоғары оқу орнынан артық университет деп айтуға болады. КИМЭП біздің креативтілігімізді,

шығармашылығымызды, жеке даралығымызды, тіл тапқыштығымызды дамытып, болашақты болжау мен жоспарлау, уақыт ырғағына сай болу дағдыларымызды жетілдірді. Оқыту жүйесі мен технологиясы және білімнің жоғары сапасы түлектердің көпшілігіне «Болашақ» халықаралық бағдарламасына оңай оқуға түсу мүмкіндігін берді.

КИМЭП Университетінің түлектері – Қазақстанның дамуына өз үлесін қосуға ұмтылған, мақсатқа беттелген және сәтті басқарушылар бренді. Мен КИМЭП университеттің түлегі болуды зор мақтан тұтамын және ерекше бақыт деп санаймын. Бұл – өмірдің байлығын алуға мүмкіндік беретін, баға жетпес қазына сияқты.



Дәурен Оңаев, BSc бағдарламасының 2008 жылғы түлегі

Директор, CITIC Kazyna Investment Fund

КИМЭП Университеті туралы менің естеліктерім ерекше деп айтуға болады. Бұлардың арасында – оқудың ең жоғары стандарттары, күшті профессорлар-оқытушылар құрамы, әр мәселеге ілгерішіл амалдар табу, және, әлбетте, түлектердің аса жақын достастығы. Асырып айтпағанның өзінде, біздің alma mater-іміз біз үшін жаһандық мүмкіндіктер әлеміне жол ашып, кәсіби даму үшін қажетті құралдар бергені рас.

Түлектердің

90%

аса оқуды бітіргеннен кейін алты ай ішінде жетекші ұйымдарға жұмысқа орналасады

30%

-ға жуық студенттер университетте оқуды бітіргеннен бұрын жұмысқа орналасады

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ

RBK Банкі



КИМЭП түлектері жоғары біліктілігімен ерекшеленіп, қаржы саласындағы терең білімге ие болады. Олар елеулі нәтижелерге жетіп, банкті дамытуға қомақты үлес қосуда. Түлектердің көбісі басшы лауазымдарда қызмет етеді, бизнесті жүргізудің әлемдік стандарттарын пайдаланып, оларды жұмыс үрдісіне бейімдейді.

DENTSU AEGIS NETWORK KAZAKHSTAN

innovating the way brands are built

dentsu AEGIS network

КИМЭП Университеті - әрі студенттердің оқуы үшін, әрі білікті мамандардың кәсіпқойлығын арттыру үшін ең жарамды алаңдардың біреуі. КИМЭП Университетінің магистратурасы қызметкерлердің біліктілік деңгейін анағұрлым арттырады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Бүкіл дүние жүзі бойынша

150

-ден аса әріптес университет



University of Essex

Әлемнің 7 жетекші университетімен

9

қос диплом
бағдарламасы



КИМЭП-тің

200

-ден аса студенті жыл сайын
академиялық алмасу
бағдармаларына қатысады



University
of Glasgow

КИМЭП-те

300

-ден аса шетелдік
студент білім алады



КИМЭП БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН МАМАНДЫҚТАРЫ:

- **Қаржы бакалавры**
 - Корпоративтік қаржы және инвестициялық менеджмент
 - Қаржы институттары және тауекел-менеджмент
- **Есеп және аудит бакалавры**
 - Кәсіптік бухгалтерия
 - Аудит
 - Салық салу
- **Менеджмент бакалавры**
 - Адам ресурстарын басқару
 - Көшбасшылық
- **Маркетинг бакалавры**
 - Маркетингтік коммуникация және брендинг
 - Туризм және қонақүй менеджмент
- **Бизнестегі ақпараттық жүйелер бакалавры**
- **Экономика бакалавры**
 - Қаржы экономикасы
 - Мемлекеттік саясат
 - Бизнес экономикасы
- **Мемлекеттік және жергілікті басқару бакалавры**
 - Мемлекеттік саясат және басқару
 - Қаржы менеджменті
 - Басқару және құқық
- **Халықаралық қатынастар бакалавры**
 - Жаһандық қауіпсіздік және халықаралық қатынастар
 - Аймақтық зерттеулер және энергетика саясаты
- **Журналистика бакалавры**
 - Медиа менеджмент
 - Әлеуметпен байланыс
- **Құқықтану бакалавры**
- **Халықаралық құқық бакалавры**
- **Шетел тілі бакалавры: Екі шет тілі**
- **Аударма ісі бакалавры**

КИМЭП-КЕ ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

КИМЭП Университеті оқуға түсу үшін құжаттарды күніне 24 сағат жылына 365 күн қолжетімді онлайн «Талапкер порталы» арқылы қабылдайды.

Өтініш беру:

1. Бакалавриат бағдарламасына онлайн сауалнаманы толтыру: www.kimpe.kz -> талапкерлерге -> онлайн-өтініш
2. Порталға келесі құжаттардың сканирленген көшірмелерін жүктеу (түпнұсқаларының пайда болуына қарай):
 - a. Жеке куәлік немесе төлқұжат
 - b. Жалпы орта білімі туралы аттестаттың қосымшасымен бірге көшірмесі немесе мектептен анықтама
 - c. ҰБТ немесе ТКТ сертификаты
 - d. Соңғы 3 жыл ішіндегі марапаттардың, грамоталардың, ерекшелік сертификаттарының көшірмесі
 - e. IELTS, TOEFL және т.б. сертификаттар

Сіз құжаттар тізімі мен бакалавриат бағдарламасына тіркеу тәртібін мына жерден таба аласыз: www.kimpe.kz-> Талапкерлерге-> Университетке түсу->Бакалавриат.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде білім алған және Қазақстанда оқығысы келетін талапкерлер Академиялық мобилділік және Болон процесі орталығынан құжаттарды нострификациялау және тану рәсімінен өтулері қажет. Біршама толық ақпаратты мына жерден табуға болады: www.kimpe.kz->Талапкерлерге->Университетке түсу->Нострификация

Қабылдау комиссияның байланыс деректері

E-mail: uao@kimpe.kz, телефондары: +7 727 270 42 13, 270 43 20, Факс: +7 727 270 43 34

Ұлттық Біріңғай Тестілеуді тапсыру

- Оқуға түсу талаптары, өту балы және бейінді пәндер ағымдағы жылға ҚР Білім және ғылым министрлігінің ережелеріне сәйкес белгіленеді

Қабылдау емтихандары:

- Бакалавриат бағдарламасына түсуші барлық талапкерлер ағылшын тілі бойынша (KEPT/KIMEP English Placement Test) тестілеуден өтуі тиіс. TOEFL/IELTS (мерзімі бойынша жарамды) ресми сертификаты болған жағдайда, талапкер емтихан тапсырудан босатылады. Егер TOEFL IBT ≥ 70 , TOEFL PBT ≥ 523 , IELTS ≥ 5.5 (әрбір секция бойынша 5.0 кем емес) нәтижесі болған жағдайда Foundation бағдарламасын өтпейді.
- Журналистика мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасына түсуші талапкерлерге ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілеген мерзімде қосымша эссе жазу және әңгімелесуден өту талап етіледі.

Тапсырылған өтінішіңіздің ахуалы және емтихан нәтижелері туралы ақпаратты сіз КИМЭП Университетінің веб-сайтынан (<https://kimpe.kz/prospective-students/kz/admission/>) көре аласыз.

Қаржылық қолдау және грант мәселелері бойынша мына телефонға хабарласыңыздар: +7 727 270 43 16, e-mail: findaid@kimpe.kz

КИМЭП-пен бірге түсуге дайындал

КИМЭП Әлем тілдері және Дайындық курстары бағдарламасы жоғары білікті тілдер курсын және әр түрлі емтихандарға дайындық курстарын ұсынады. Біз тиімді әрі нәтижелі оқу үшін ұсынамыз:

- қазіргі заманғы әдістеме және оқу материалдары
- аудио және бейне материалдар
- Англия, АҚШ, Жаңа Зеландия, Австралия және Канададан келгендермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін береді
- ҰБТ-ға білікті дайындықты қамтамасыз етуші Тестілеу орталығының оқытушылары
- КИМЭП Университеті мен басқа шетелдік ЖОО-ларға түсуді жоспарлайтын 10-11 сынып оқушылар үшін жаңа PROVISIONAL English курсы

Барлық мәселелер бойынша мына телефондарға хабарласыңыздар: +7 727 2704483, 237 47 79, 237 47 75, Абай даңғылы 4, Алматы 050010, офис 208, e-mail: wlp@kimpe.kz, <http://www.kimpe.kz>

